

Кәсіптік стандарт: «Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, 5-тармағына сәйкес әзірленді, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және міндеттерді шешуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы;

4) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

5) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

7) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

8) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

10) дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер – кәсіптік білімі бар, оқу-жаттығу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді және оған басшылық жасауды, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді жүзеге асыратын жеке адам;

11) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

12) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

13) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

2) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

3) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер

5. Кәсіптік стандарттың коды: R93110051

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

93.1 Спорт саласындағы қызмет

93.11 Спорт имараттарын пайдалану

93.11.0 Спорт имараттарын пайдалану

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

93.1 Спорт саласындағы қызмет

93.12 Спорт клубтарының қызметі

93.12.0 Спорт клубтарының қызметі

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

93.1 Спорт саласындағы қызмет

93.19 Спорт саласындағы өзге қызмет

93.19.0 Спорт саласындағы өзге қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Халықтың дене тәрбиесі бойынша іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер - 5 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. Кәсіптің карточкасы «Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер»: | | | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| Топтың коды: | 3422-1 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3422-1-005 | | |
| Кәсіптің атауы: | Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 5.1 | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) | Мамандық: Дене тәрбиесі және спорт | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | жоқ | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | талап етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 3422-3-009 - Спорт жөніндегі әдіскер | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Халықты спорт және дене шынықтыру, дене шынықтыру және спорттық даярлау саласындағы әдістемелік қызметті жүзеге асыру. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Халықтың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру 2. Жаттықтырушылар құрамының жұмыс бағытын үйлестіру, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оқу топтарының сапалы жасақталуын қамтамасыз ету 3. Оқу-жаттығу және тәрбиелік процестердің нәтижелерін үйлестіру | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: Халықтың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру | Дағды 1: Спорттық жабдықтар мен керек-жарақтардың қолданылуы | Машықтар: | |
| | | 1. Спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды қауіпсіз пайдалану әдістемелерін, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды пайдаланудың оңтайлы режимін таңдау принциптерін түсіндіру және көрсету. 2. Сабақтар мен іс-шаралар бағдарламасында қарастырылған жаттығулар кешенін орындау. 3. Спорттық құрал- жабдықтарды пайдаланудың оңтайлы режимдерін анықтау. | |

| | | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сабақтар, дене шынықтыру және дене шынықтыру жаттығулары ұйымдастырылатын жерде өзін-өзі ұстау ережелері. 2. Дене шынықтыру, дене дамуы саласындағы жеке тұлғалардың мотивациялық сферасын диагностикалаудың әдістерінің негіздері. 3. Сабақ бағдарламасында қолданылатын жаттығулар жиынтығы, дене шынықтыру, денені дамытуға арналған іс-шаралар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | талап етілмейді |
| | Дағды 2: Спорттық жабдықтарды рәсімдеу | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Демонстрациялық, дыбысты күшейтетін және жарықтандыру спорттық жабдықтарды қолдану. 2. Жалға берілетін спорттық құрал- жабдықтарды пайдалану кестесін жасау және түзету. 3. Спорттық жабдықтарды жалға алу және қайтару бойынша құжаттарды рәсімдеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Спорттық жабдықтарды сақтау ережелері. 2. Спорттық құрал-жабдықтарды жалға алу үшін салымды (салымның бір бөлігін) қабылдау және қайтару қағидалары. 3. Спорттық жабдықтарды уақытша пайдалануға беруге және қайтаруға, жалға алынған спорттық жабдықтарға келтірілген залал фактілерін анықтауға және кепілге байланысты ұстауға құжаттарды рәсімдеу тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | талап етілмейді |
| Еңбек функциясы 2: Жаттықтырушылар құрамының жұмыс бағытын үйлестіру, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оқу топтарының сапалы жасақталуын қамтамасыз ету | Дағды 1: Дене қасиеттерін дамытуға арналған арнайы жаттығулар жиынтығы | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қатысушыларға дене шынықтыру жаттығулары кезінде жарақат алудың және дене жағдайының нашарлауының жалпы және арнайы қауіп факторларын түсіндіру. 2. Қатысушылардың дене қасиеттері мен қабілеттерін, әлеуметтік-демографиялық және жас-гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жаттығулар жиынтығын таңдап, қолдану. 3. Қатысушылардың қауіпсіздік техникасы мен әдістерін қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуметтік-демографиялық және жас-гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, дене қасиеттерін, қабілеттерін дамытуға арналған дене шынықтыру жаттығуларын, сабақтарын өткізу әдістемесі. 2. Дене шынықтыру сабақтары кезіндегі бақылау әдістері. 3. Дене шынықтыру сабақтарының құрылымы және дене жаттығуларының элементтері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | талап етілмейді |
| | Дағды 2: Бастапқы оқу топтарының штаттық құрамын әдістемелік негіздеу стандарттарын білу | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бақылау-өлшеу аспаптары мен спорттық құралдарды қолдану. 2. Қатысқандардың дене дайындығын бағалау үшін көрсеткіштерді жіктеу жүйесін пайдалану. 3. Әртүрлі кешендерді ұтымды және қауіпсіз біріктіру. |

| | | |
|-------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | Білімдер: 1. Адам ағзасының физикалық белсенділікке жедел және ұзақ мерзімді реакциясы, бейімделу механизмдері. 2. Қозғалыс әрекетінің биомеханикасының негіздері. 3. Спорт түрлері ережесі (спорттық пән). |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | талап етілмейді |
| Еңбек функциясы 3: Оқу-жаттығу және тәрбиелік процестердің нәтижелерін үйлестіру | Дағды 1: Студенттерді оқыту үшін оқу-әдістемелік сабақтардың жоспарын, практикалық сабақтардың жоспарын құру | Машықтар: 1. Жаттығушыларды оқытуға арналған теориялық және практикалық нұсқаулық және әдістемелік сабақтар кешенін жоспарлау. 2. Жаттығушылардың дене дайындығының деңгейін бағалау үшін жіктеуші көрсеткіштер жүйесін қолдану. 3. Қауіпсіздік әдістері мен тәсілдерін көрсету. |
| | | Білімдер: 1. Спортшылардың дене дайындығын бағалауға арналған жіктеу көрсеткіштерінің жүйелері. 2. Суға батқан адамдарды құтқару тәсілдері мен құралдары. 3. Дене-техникалық дайындық сабақтарына көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | талап етілмейді |
| | Дағды 2: Оқушылардың білімін тексеру және бағалау | Машықтар: 1. Қатысушыларды оқытуға арналған теориялық және практикалық нұсқаулық және әдістемелік сабақтар кешенін жоспарлау. 2. Жаттығушылардың дене дайындығының деңгейін бағалау үшін көрсеткіштерді жіктеу жүйесін қолдану. 3. Қауіпсіздік әдістері мен тәсілдерін көрсету. |
| | | Білімдер: 1. Тәуліктік диетаны құрастыру кезінде ұсынылатын азық-түлік өнімдерінің шамамен тізімі. 2. Спорттық дағдыларды үйрету сабақтарына қойылатын гигиеналық талаптар мен стандарттар. 3. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | талап етілмейді |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Дербестік және жауапкершілік Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Стратегиялық ойлау Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 5 | Спорт бойынша әдіскер |
| | 5 | Дене шынықтыру және спорт бойынша нұсқаушы |

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі

Орындаушы:

Шакенова Г.Б., +7 (707) 420 14 09, g.shakenova@tsm.gov.kz

11. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Дене шынықтыру және спорт комитеті

Жоба жетекшісі:

Бектенова А.Б.

E-mail: A.Bektenova@tsm.gov.kz

Телефон нөмірі: +7 (702) 911 55 11

Орындаушылар:

Шақенова Г.Б., +7 (707) 420 14 09, g.shakenova@tsm.gov.kz

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 12.12.2023 г.

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 01.12.2023 г.

14. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 13.12.2023 г.

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2023 г.

16. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2026 г.